

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстандық бітімгершілік батальонын құру туралы" 2000 жылғы 31 қаңтардағы N 116 өкімін іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 11 сәуір N 552

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстандық бітімгершілік батальонын құру туралы" 2000 жылғы 31 қаңтардағы N 116 өкімін іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мыналарды әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1) екі апта мерзімде "Қазақстандық бітімгершілік батальоны" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекітуге;

2) бір ай мерзімде Қазақстан Республикасы мен Біріккен Ұлттар Ұйымының (бұдан әрі - БҰҰ) арасындағы БҰҰ-ның дайындық шаралары жүйесіне салымдарға қатысты өзара түсіністік туралы меморандумның жобасын ұсынсын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан

Республикасы мен БҰҰ арасындағы БҰҰ-ның дайындық шаралары жүйесіне салымдарға қатысты өзара түсіністік туралы меморандумды қол қоюға даярлау жөнінде БҰҰ-мен келіссөздер жүргізуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.